

## Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір өкімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 қыркүйкектегі N 68 Өкімі . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 сәуірдегі № 26 Жарлығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 17.04.2019 № 26 Жарлығымен.**

1. Мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің ведомствоаралық комиссиялары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 ақпандағы N 120 өкіміне :

1-тармақтың 5) тармақшасындағы "ведомствоаралық комиссиялар құрылсын" деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) сыйайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі ведомствоаралық комиссиялар құрылсын.";

2) "Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің инспекциясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 6 қазандағы N 169 өкіміне :

өкімнің кіріспесі мен 3-тармағы тиісінше жаңа редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттің әскери ұйымы жағдайын мониторингілеу мақсатында:";

"3. Инспекция міндеттері мыналар болып айқындалсын:

1) Қорғаныс министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлер комитетінің, Республикалық ұлан мен Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі Азаматтық қорғанысы әскери бөлімдері бюджетінің орындалуына тоқсан сайын талдау жүргізу;

2) әскери дайындық пен әскери қабілеттілік жағдайын бағалау үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жекелеген құрамалары мен бөлімдерін жылына екі рет инспекциялау;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесіне хабарлау";

аталған өкіммен бекітілген инспекция құрамы осы өкімге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3) "Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің инспекциясының және ведомствоаралық комиссияларының құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 25 наурыздағы N 320 өкіміне:

тақырыбындағы "инспекциялар және" деген сөздер алып тасталсын;

осы өкімге 2-7-қосымшаларға сәйкес 2-7-қосымшалар жаңа редакцияда жазылсын;

осы өкімге 8-қосымшага сәйкес 8-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің ведомствоаралық комиссиясы туралы үлгі ереже осы өкімнің 9-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Қазақстан  
Президенті

Республикасы

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2006 жылғы 25 қыркүйектегі

N 68 өкіміне

1-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2000 жылғы 6 қазандығы

N 169 өкімімен

БЕКІТІЛГЕН

## Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі инспекциясының ҚҰРАМЫ

Әбдіров - Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі

Нұрлан Мәжитұлы Хатшысының орынбасары - Қауіпсіздік Кеңесі

Хатшылығының менгерушісі, төраға

инспекция мүшелері:

Әбділманов - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі

Алмас Кәкімтайұлы Штабтар бастықтары комитеті төрағасының

орынбасары - жедел жоспарлау департаментінің

бастығы

Берқалиев - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік

Құсайын Иманғалиұлы комитеті Шекара қызметі директорының бірінші  
орынбасары - Бас штабтың бастығы

Жұмаділов - Бас әскери прокурордың бірінші орынбасары

Асылбек Аңтайды

Жылқайдаров - Республикалық ұлан қолбасшысының

Нұрлан Базаркелдіұлы орынбасары

Құсайынов - Қазақстан Республикасы Экономика және

Марат Әпсеметұлы бюджеттік жоспарлау вице-министрі

Құсдәuletov - Қазақстан Республикасы Әділет вице-министрі

Дулат Рәшитұлы  
Лукин - Қазақстан Республикасы Экономикалық  
Андрей Иванович қылмысқа және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы  
күрес агенттігі (қаржы полициясы)  
төрағасының орынбасары  
Нұриманов - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік  
Мақсұт Әнуарбекұлы комитеті төрағасының орынбасары  
Нұршабеков - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және  
Ризат Рахатбекұлы байланыс агенттігі төрағасының орынбасары  
Пальгуев - Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі  
Евгений Владимирович Хатшылығының бас инспекторы  
Петров - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар  
Валерий Викторович вице-министрі  
Салханов - Ішкі әскерлер қолбасшысының орынбасары -  
Дәулет Қамарұлы Бас штабтың бастығы - Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлер  
комитеті төрағасының орынбасары  
Смаилов - Қазақстан Республикасы Қаржы вице-министрі  
Әлихан Асханұлы  
Тәжібаев - Қазақстан Республикасы Республикалық  
Нұрлан Қыдырұлы бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп  
комитетінің мүшесі  
Темірбеков - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі  
Сабыр Жақыпұлы бас инспекциясының бастығы  
Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2006 жылғы 25 қыркүйектегі  
N 68 өкіміне  
**4-ҚОСЫМША**  
Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2002 жылғы 25 наурыздағы  
N 320 өкімімен  
**БЕКІТІЛГЕН**  
**Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің ішкі қауіпсіздік**  
**мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының**  
**ҚҰРАМЫ**  
Шабдарбаев - Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Аманкелді Смағұлұлы қауіпсіздік комитетінің төрағасы, төраға

Әбдіров - Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік  
Нұрлан Мәжитұлы Кеңесі Хатшысының орынбасары -  
Қауіпсіздік Кеңесі Хатшылығының  
менгерушісі, төрағаның орынбасары  
Тілеуkenov - Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік  
Нығметолла Қабдығалымұлы Кеңесі Хатшылығының сектор менгерушісі,  
хатшы  
комиссия мүшелері:  
Айтжанов - Қазақстан Республикасы Ауыл  
Дулат Нулиұлы шаруашылығы вице-министрі  
Бабакұмаров - Қазақстан Республикасы Мәдениет және  
Ержан Жалбақұлы ақпарат вице-министрі  
Белоног - Қазақстан Республикасы Денсаулық  
Анатолий Александрович сақтау министрлігі Мемлекеттік  
санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау  
комитетінің төрағасы - Мемлекеттік бас  
санитарлық дәрігер  
Божко - Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Владимир Карпович қауіпсіздік комитеті төрағасының бірінші  
орынбасары  
Дауылбаев - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының  
Асхат Қайзоллаұлы орынбасары  
Ыбрайымов - Қазақстан Республикасы Экономикалық  
Рұстем Әнуарұлы қылмысқа және сыйайлас жемқорлыққа  
қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)  
төрағасының бірінші орынбасары  
Құсдәuletov - Қазақстан Республикасының Әділет  
Дулат Рәшитұлы вице-министрі  
Петров - Қазақстан Республикасы Төтенше  
Валерий Викторович жағдайлар вице-министрі  
Сәрсембаев - Қазақстан Республикасы Қоршаған  
Зейнолла Сәкенұлы ортаны қорғау вице-министрі  
Үмбетәлиев - Қазақстан Республикасы Еңбек және  
Мәди Тоқтарұлы халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі  
Өтеулина - Қазақстан Республикасы Білім және  
Қапиза Мұхтарқызы ғылым вице-министрі  
Шпекбаев - Қазақстан Республикасы Ішкі істер  
Алик Жатқанбайұлы вице-министрі  
Қазақстан Республикасы

Президентінің  
2006 жылғы 25 қыркүйектегі

N 68 өкіміне

**7-ҚОСЫМША**

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2002 жылғы 25 наурыздағы

N 320 өкімімен

**БЕКІТІЛГЕН**

**Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің дағдарысты**

**ахуалдарда басқару жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының**

**ҚҰРАМЫ**

Жақсыбеков - Қазақстан Республикасы Президенті

Әділбек Рыскелдіұлы Әкімшілігінің Басшысы, тәраға

Тәжін - Қазақстан Республикасы Президентінің

Марат Мұханбетқазыұлы көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесінің  
хатшысы, тәрағаның орынбасары

комиссия мүшелері:

Алтынбаев - Қазақстан Республикасы Корғаныс министрі

Мұхтар Қапашұлы

Балиева - Қазақстан Республикасы Әділет министрі

Загипа Яхияқызы

Құлмаханов - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар

Шалбай министрі

Ертісбаев - Қазақстан Республикасы Мәдениет және

Ермұхамет Қабиденұлы ақпарат министрі

Құл-Мұхаммед - Қазақстан Республикасы Президенті

Мұхтар Абрарұлы Әкімшілігі Басшысының орынбасары -

Президенттің баспасөз хатшысы

Мәсімов - Қазақстан Республикасы Премьер-

Кәрім Қажымқанұлы Министрінің орынбасары - Экономика және  
бюджеттік жоспарлау министрі

Мұхamedжанов - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі

Бауыржан Әлімұлы

Тоқаев - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер

Қасымжомарт Кемелұлы министрі

Шабдарбаев - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік

Аманкелді Смағұлұлы комитетінің тәрағасы

Қазақстан Республикасы

Президентінің  
2006 жылғы 25 қыркүйектегі

N 68 өкіміне

**8-ҚОСЫМША**

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2002 жылғы 25 наурыздағы

N 320 өкімімен

**БЕКІТІЛГЕН**

**Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің жемқорлыққа**

**қарсы саясат жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының**

**ҚҰРАМЫ**

Тәжін - Қазақстан Республикасы Президентінің

Марат Мұханбетқазыұлы көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы,  
төраға

Қалмырзаев - Қазақстан Республикасы Экономикалық

Сарыбай Сұлтанұлы қылмысқа және сыйайлас жемқорлыққа  
қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)

төрағасы, төрағаның орынбасары

Загитов - Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі

Ержан Балтабекұлы Хатшылығы менгерушісінің орынбасары,  
хатшы

комиссия мүшелері:

Әбдіров - Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі

Нұрлан Мәжитұлы Хатшысының орынбасары - Қауіпсіздік Кеңесі  
Хатшылығының менгерушісі

Балиева - Қазақстан Республикасы Әділет министрі

Загипа Яхияқызы

Донақов - Қазақстан Республикасы Президенті

Талғат Советбекұлы Әкімшілігі Заңнама және құқықтық сараптау  
бөлімінің менгерушісі

Ертісбаев - Қазақстан Республикасы Мәдениет және

Ермұхамет Қабиденұлы ақпарат министрі

Кәлетаев - Қазақстан Республикасы Президенті

Дархан Аманұлы Әкімшілігі Мемлекеттік бақылау және  
ұйымдастыру жұмысы бөлімінің менгерушісі

Коржова - Қазақстан Республикасы Қаржы министрі

Наталья Артемовна

Мұхamedжанов - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі

Бауыржан Әлімұлы

Тұрысбеков - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік

Зауытбек Қауысбекұлы қызмет істері агенттігінің төрағасы

Тұсіпбеков - Қазақстан Республикасының Бас прокуроры

Рәшид Төлеутайұлы

Шабдарбаев - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік

Аманкелді Смағұлұлы комитетінің төрағасы

9-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2006 жылғы 25 қыркүйектегі

N 68 өкімімен

БЕКІТІЛГЕН

## Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің

### ведомствоаралық комиссиясы туралы

#### ҮЛГІ ЕРЕЖЕ

##### 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің ведомствоаралық комиссиясы (бұдан әрі - ведомствоаралық комиссия) Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің (бұдан әрі - Қауіпсіздік Кеңесі) қызметін қамтамасыз ету мақсатында құрылған консультативті-кеңесші орган болып табылады.

2. Ведомствоаралық комиссия қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары, сондай-ақ осы үлгі ереже құрайды.

##### 2. Ведомствоаралық комиссияның негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

3. Ведомствоаралық комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қауіпсіздік Кеңесі отырыстарына материалдар дайындау;

2) Қауіпсіздік Кеңесінің немесе Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының тапсырмасы бойынша талдау және зерттеу жұмыстарын жүргізу;

3) Қауіпсіздік Кеңесі қызметінің айналысатын бағыты бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу;

4) айналысатын бағыт бойынша Қауіпсіздік Кеңесін хабардар ету.

4. Негізгі міндеттерге сәйкес ведомствоаралық комиссияға мынадай функциялар жүктеледі:

- 1) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне қатысты әлемдегі және өнірлердегі ахуалдың дамуын кешенді түрде талдауды жүзеге асыру, мемлекет қауіпсіздігінің ішкі және сыртқы қатерлерінің пайда болу ошақтарын айқындау мен болжау, олардың алдын-алу жөніндегі шараларды қабылдау;
- 2) ел дамуының маңызды бағыттары бойынша стратегиялық құжаттардың мазмұнын қарау және оларға баға беру;
- 3) айналысатын бағыт бойынша қауіпсіздікті қамтамасыз етудің өзекті мәселелерін қарау;
- 4) адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігіне қатысты оқиғаларға жедел назар аудару үшін шешімдердің жобасын дайындау;
- 5) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің стратегиялық проблемалары бойынша мемлекеттік органдардың қызметін талдау, оған мониторинг жүргізу, үйлестіру және оны жетілдіру мен реформалау жөнінде ұсыныстар дайындау;
- 6) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысушы мемлекеттік органдардың есептерін тындау;
- 7) Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігінің жағдайы туралы жыл сайынғы баяндаманың жобасын дайындауға қатысу;
- 8) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымын, мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғауды қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- 9) Қауіпсіздік Кенесі шешімдерінің жобаларына ұсыныстар дайындау;
- 10) ұлттық қауіпсіздік, оны қамтамасыз ету стратегиясы мен қорғау шаралары мәселелері жөніндегі заңжобаларды талдау, олар бойынша Қауіпсіздік Кенесіне ұсынымдар енгізу;
- 11) Қауіпсіздік Кенесінің ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі шешімдерінің орындалуына бақылау жасау, айқындалған кемшіліктерді, олардың пайда болуына жағдай жасайтын себептер мен жағдайларды жою жөніндегі шаралар туралы ұсыныстарды Қауіпсіздік Кенесіне енгізу;
- 12) адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру.

5. Негізгі міндеттерін жүзеге асыру жүктелген функцияларын атқару үшін ведомствоаралық комиссия өзінің қызмет ететін бағытына қатысты мәселелер бойынша белгіленген тәртіpte:

1) республикалық және жергілікті мемлекеттік органдардан, сондай-ақ ұйымдар мен мекемелерден және лауазымды тұлғалардан барлық қажетті материалдар мен ақпаратты сұратуға және алуға;

2) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Премьер-Министр Кеңесінің және басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдардың материалдарын және ақпарат көздерін пайдалануға;

3) мемлекеттік (оның ішінде үкіметтік) байланыс жүйелері мен коммуникацияларын қолдануға;

4) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Премьер-Министр Кеңесінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелерімен, сондай-ақ ұйымдар мен лауазымды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасасуға;

5) Қауіпсіздік Кеңесіне жүргізілген талдаудың, зерттеулер мен тексерулердің нәтижелері бойынша Қауіпсіздік Кеңесінің кезекті отырыстарының күн тәртібіне мәселелерді енгізу қажеттілігі туралы ұсыныстар енгізуге;

6) Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында жұмыстарды атқару үшін ғылыми-зерттеу мекемелерімен және мамандармен шарт жасасу туралы ұсыныстар дайындауға;

7) ғылыми, ақпараттық, талдау жұмыстарын орындау үшін ғалымдар мен мамандарды тартуға құқылы.

### **3. Ведомствоаралық комиссияны қалыптастырудың және оның қызметінің тәртібі**

6. Ведомствоаралық комиссияны Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта құрады және таратады.

7. Ведомствоаралық комиссияның құрамын Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Ведомствоаралық комиссияның құрамына мемлекеттік органдардың басшылары және (немесе) олардың орынбасарлары, сондай-ақ өзге де тұлғалар кіре алады.

Ведомствоаралық комиссияның құрамы әдетте төрағаны, төрағаның орынбасарын, хатшыны және басқа да мүшелерді қамтиды.

Ведомствоаралық комиссияның хатшысы Қауіпсіздік Кеңесі Хатшылығының қызметкерлері қатарынан тағайындалады.

8. Ведомствоаралық комиссияның қызметін Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы үйлестіреді.

9. Ведомствоаралық комиссияның қызметін ақпараттық-талдау және ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз етуді өкілдері ведомствоаралық комиссияның жұмысына қатысатын мемлекеттік органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшылығы жүзеге асырады.

10. Ведомствоаралық комиссияның отырыстары Қауіпсіздік Кеңесінің немесе Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының тапсырмасына сәйкес қажеттігіне қарай өткізіледі.

Отырыстарды төраға, ал ол жоқ кезде оның орынбасары шақырады.

11. Ведомствоаралық комиссияның мүшелері отырыстарға өз орнын ауыстыру құқығынсыз қатысады.

Ведомствоаралық комиссияның отырысы оның құрамының жартысынан астамы қатысса құқылы болады.

Ведомствоаралық комиссияның отырысына орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың басшылары (немесе олардың орынбасарлары) және өзге де тұлғалар шақырылуы мүмкін.

12. Ведомствоаралық комиссияның шешімі отырыска қатысып отырган ведомствоаралық комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс тең бөлінген жағдайда комиссия төрағасының даусы шешуші болып табылады.

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда ведомствоаралық комиссияның мүшесі өз пікірін жазбаша түрде білдіре алады, ол отырыс хаттамасына қоса тіркеледі.

Ведомствоаралық комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, оған комиссияның төрағасы қол қояды.

13. Ведомствоаралық комиссияның хаттамалық шешімдері орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда міндettі түрде қаралуы тиіс.

Тиісті мемлекеттік органдардың басшылары ведомствоаралық комиссияның хаттамалық шешімдерін қарау нәтижелері туралы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшылығын белгіленген тәртіппен хабардар етеді.

14. Ведомствоаралық комиссия дайындаған ұсыныстар мен ұсынымдар Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысына ұсынылады.